

Тұжырымдама

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың 80 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы инженерлік білім және ғылым: проблемалары мен келешегі» халықаралық форумы

1. Форумның атауы: «XXI ғасырдағы инженерлік білім және ғылым: проблемалары мен келешегі»

Форумның атауы «білім - ғылым - өндіріс» үштігіндегі өзара әрекеттесуінің дамымай қалуына қатысты елді индустрияландырулардың екінші фазасының даму жағдайында өмір сүріп жатқан Қазақстанда инженерлік кадрларды дайындау және инновациялық жергілікті мәселелерді шешу қажеттілігін, сондай-ақ XXI ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұру және Қазақстанның Біртұтас экономикалық одаққа және әлемдік одақтарға кіруі жағдайында Қазақстан және әлем елдеріндегі инженерлік білім мен ғылымның заманауи жүйесінің маңызды бағдарын көрсетеді.

Құрылғанына 80 жыл толған Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да осы тақырыптың дамуы Қазақстан экономикасының геологиялық көмірсутегі, тау-кен-металлургиялық, энергетикалық, машина жасау секторы, химиялық сектор және атомдық өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыш технологиялары сияқты басты секторлардағы техникалық білім мен ғылымның дамуында алатын тарихи орны мен атқаратын рөліне байланысты.

Бүгінгі таңда Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ өзінің ең озық дәстүрлерін сақтай отырып зерттеу университетіне айналуға қарышты бағыт алуда, өзінің басты қызметін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен көтерілген мемлекеттік бағдарламалар және «Қазақстан - 2050» стратегиясында белгіленген XXI ғасырдың талаптарына сәйкес орасан зор ғылыми-техникалық міндеттерді тәжірибелік жолмен шешуге бағыттайды.

2. Форумның өткізілетін күндері: 2014 жылдың 22-23 қазан аралығы.

3. Форумның өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті.

4. Форумның мақсаты:

«Қазақстан - 2050» стратегиясы міндеттерін 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды - инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін XXI ғасырдағы заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымның дамуы туралы тұжырымдамалық түсінікті қалыптастыру

5. Форумның міндеттері:

Форумды ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұру бойынша және Біртұтас экономикалық одаққа және әлемдік одақтарға кіру аясында білім беру және ғылыми-өндіріс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуы үшін бағытталған «Қазақстан - 2050» стратегиясының міндеттерін шешу үшін әлемдік зияткерлік қоғамдастықтардың күштерін шоғырландыруға бағытталған әлемдік пікірталас пен қарым-қатынас алаңқайы ретінде ұсыну.

Форумды еліміздің индустриалды - инновациялық дамуы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін орындауға, өндірістік кәсіпорындардың инженерлік кадрларға деген мұқтаждығын анықтау және технологиялық міндеттерді шешуге, инновациялық әзірлемелерді іске асыруға жағдай жасау және әлеуетті инвесторлармен шарт жасауға бағытталған жалпы ұлттық көрмелер, инновациялық және серіктестік алаңқайы ретінде ұсыну.

Форум инженерлік білім, техникалық ғылым мен өндіріс саласындағы құзыретін арттыруға бағытталған әлемдік және жалпы ұлттық ақпараттық алаңқай ретінде жұмыс істейді.

ХХІ ғасырда заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымды дамытудың тұжырымдамасын қалыптастыру.

5.1. Форум пікірталас пен қарым-қатынас алаңқайы ретінде

Пікірталас пен қарым-қатынас алаңқайының міндеттері –қарым-қатынас кеңістігі мен ахуалын орнату, олар төменде берілген мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған:

– әлемдік білім мен инженерлік кеңістікте түлектерімізді бейімдейтін көлемді халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларын заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымды, өнеркәсіптік өндірісті дамытудың тенденцияларын, векторларын, басты бағыттарын, негізгі проблемаларын және оларды шешу жолдарын талқылау;

– заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымды, өнеркәсіптік өндірісті дамыту мақсатында әртүрлі әкімшілік, өнеркәсіптік, білім беру және ғылыми құрылымдардың өзараәрекеттесуін нығайту бойынша жаңа тәсілдерді анықтау;

– ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұруға бағытталған «Қазақстан - 2050» стратегиясының міндеттерін шешу үшін әлемдік зияткерлік қоғамдастықтардың күштерін шоғырландыру;

– педагогтер, ғалымдар, конструкторлар, өндіріс өкілдері, инвесторлар, сараптамалық қоғамдастық, мемлекеттік және аймақтық үкімет жетекшілері арасындағы бұрынғы қарым-қатынас және стратегиялық серіктестікті нығайту;

– Біртұтас экономикалық одақ және басқа да әлемдік одақтар аясында білім беретін және ғылыми-өндірістік салада жаңа халықаралық альянстарды дамыту;

Тиімділіктің негізгі көрсеткіші №1: форумның пленарлық және секция отырыстарының қорытынды қарарлары, жасалған халықаралық келісімдер, меморандумдар және келісімшарттардың саны, ХХІ ғасырдың заманауи инженерлік білімі мен ғылымының даму тұжырымдамасы.

5.2. Форум жалпы ұлттық көрмелер, инновациялық және серіктестік алаңқайы ретінде:

Жалпы ұлттық көрмелер, инновациялық және серіктестік алаңқайының міндеттері:

– Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жетістіктерінің кең спектрін, республикалық және халықаралық деңгейдегі болашақ жобалар, ғылыми және білім беретін технологияларды форумның қатысушыларына көрсету;

– өнеркәсіптік корпорациялар мен ел кәсіпорындарының инженерлік кадрларға қажеттілігі мен стратегиялық бағытын таныстыру;

– инвесторлармен «тікелей» жұмыс істеу үшін тиімді байланыстар орнату, мүмкіндікпен қамтамасыз ету (жетекші университеттермен, ғылыми орталықтармен, венчурлық қорлармен, өнеркәсіптік корпорациялармен және отандық және шетел кәсіпорындарымен);

– әзірлеушілерге болуы мүмкін ынтымақтастық бағытын инвесторлармен бірге талқылау үшін бірегей мүмкіндік беру;

– ғылыми-техникалық ынтымақтастық, инновациялық жобаларды және патенттерді коммерциялау, технологияларды пайдалану бойынша келісімдер, меморандумдар, бірлесе әрекет ету жоспарына қол қою үшін жағдай туғызу.

Тиімділіктің 2-негізгі көрсеткіші: инвесторлармен ынтымақтастық және әзірлемелерді енгізу бойынша экспоненттер, жасалған шарттар, меморандумдар саны.

5.3 Форум ақпараттық алаңқай ретінде:

Ақпараттық алаңқайдың міндеттері:

– форумның қатысушыларының құзырет деңгейінің жоғарылауы: кәсіпкерлерден бастап жас ғалымдарға, мемлекеттік ұйым, ЖОО мен инновациялық инфрақұрылым өкілдеріне дейін.

Тиімділіктің 3-негізгі көрсеткіші: форумның қатысушыларының меңгерген жаңа құзыреттері мен орнатқан жеке байланыстарға қатысты қанағаттануы.

6. Форумның күн тәртібі:

Форум бағдарламасы пленарлық және секция отырыстарынан тұрады, олар инженерлік білім, техникалық ғылым және өндіріс саласындағы жетістіктер көрмелері арқылы жүзеге асырылады.

Пленарлық баяндамалар ҚР Президентінің әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Сенаттың және Парламент Мәжілісі депутаттары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері; инвестиция және даму; «Технологиялық даму бойынша Ұлттық энергетика агенттігі» АҚ, Алматы қаласының әкімшілігі, ҚР Ұлттық ғылым академиясы, шетелдің ғылым академиялары, шетелдік және ұлттық ЖОО ректорлары, компания және өнеркәсіптік кәсіпорын өкілдерінің қатысуымен жасалады.

Пленарлық мәжілісте Қазақстан экономикасындағы жетістіктер атап өтіледі: өндірісті дамыту және Қазақстан Инновация жүйесінің элементтерін қалыптастыруға ықпал ететін табиғи ресурстар мен басқа құралдарды тиімді

қолдану негізінде прогрессивтік индустриялық саясаты нәтижесінде Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі (9 даму институты, 8 аймақтық технопарк, 4 конструкторлық бюро, 7 салалық инновация орталығы, 21 коммерциялану офисі, 8 отандық венчурлық қорлар), республикадағы арнаулы экономикалық аймақты алға жылжыту және дамыту жағдайы (10 СЭЗ құрылды, оның ішінде «Инновациялық технологиялар Паркі» арнаулы экономикалық аймағы бар) және т.б., инженерлік білімі мен инновацияны жүзеге асыру саласындағы проблемалар, атап айтқанда ел кәсіпорындарының қажеттіліктерін ескерместен инженерлік кадрларды дайындауды жоспарлау, «білім - ғылым - өндіріс» үштігіндегі интеграцияның дамымауы, осының салдарынан технологиялармен жұмыс істеу тәжірибесі бар жаңа менеджерлердің тапшылығы, отандық білім мен индустрияның кәсіпорын талаптарына бейімделген инженер кадрларын дайындап шығаруға және кәсіпорындардағы жоғары технологиялық өндірісті жасауға дайын болмауы, ғылыми зерттеу өнімдерін шығару үлесіне ел кәсіпорындары диверсификациялау деңгейінің, Біртұтас экономикалық одақ және басқа да әлемдік масштабтағы елдерде туындауының жолдары ортақ болатын қымбат бағаланатын инновациялық өнімдерді шығаруға келгенде шағын және орта бизнестің дамымауы. Еліміздің кадрлық және ғылыми әлеуетін дамытуда 80 жылдық тарихы бар Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да осы проблемаларды шешу мақсатында тұжырымдамалық қадамдары жасалған. Біртұтас экономикалық одақ және басқа да әлемдік одақ елдеріндегі инженерлік білім мен техникалық ғылымның даму келешегі тұжырымдамасын қалыптастыру үшін «Форум қатысушыларының көзқарастары қандай?» екендігін білу аса маңызды.

Осыған орай пленарлық мәжілістердің мақсаты «Қазақстан - 2050» стратегиясында көрсетілген ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұру және елді индустрияландырулардың екінші фазасын дамыту жағдайындағы Қазақстанның жергілікті мәселелерді шешу үшін Қазақстанның Біртұтас экономикалық одақ (Ресей мен Беларусь) және әлемнің басқа да елдерінің ғылым мен өндіріс өкілдерінің күштерін шоғырландыру шоғырландыру болып табылады.

Секция мәжілісіне педагогтер, ғалымдар, өндіріс және бизнес өкілдері өкілдері қатысумен жүргізіледі және бағыт арналған бизнестің өкілдері қатысады:

I. Мұнай-газ және тау-металлургиялық өнеркәсіп секторларына арналған Инженерлік кадрлар және инновация:

Бұл бағыт бойынша дүниежүзілік маңызға ие «Табиғи ресурстардың таусылуы», «Су тапшылығы» сияқты ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұру жағдайындағы мұнай-газ және тау-металлургиялық өнеркәсіп секторларына арналған Инженерлік кадрлар дайындау және инновацияны жүзеге асыру және және Қазақстанның негізгі салаларын дамыту проблемалары талқыланатын болады. Талқыланатын проблемалардың болуы Қазақстан үшін де, Біртұтас экономикалық одақ (Ресей мен Беларусь) және әлемнің басқа да елдері үшін де тән жағдай. Көмірсутегі, минералдық және су ресурстарының үлкен қорына ие Қазақстан бүгінгі күннің өзінде бәсекеге қабілетті инженерлік кадрларға, сапалы

ауыз суға өткір қажеттілікті және осынау ресурстардың таусылу қаупі алдында отырғанын сезініп отыр. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында белгілеп берген курс бойынша «халықаралық үлгідегі куәліктерді иемденетін инженерлік білім мен заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту ..., минералдық шикізатты басқаруға, өндіру және өндеудің жаңа тәсілдерін іздестіру, сирек кездесетін металдарды әзірлеуді және геологиялық барлау саласы бойынша Қазақстанды әлемдік нарыққа шығару» жолымен әрекет етеді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ өз қызметінде Болон процесі ұстанымдарын жүзеге асырады, ҚР БҒМ Ұлттық Аккредитациялық Орталығы мен Еуропа Университеттері Қауымдастығының (EUA, European Universities Association) жоғары бағаланған және халықаралық агенттіктермен АБЕТ (АҚШ), ASIIN (Германия), АИОР (Ресей Инженерлік білім қауымдастығының аккредиттеу орталығы) аккредиттелген, әлемдік және отандық білім беру бағдарламасы деңгейінде мойындалған, кең спектрлі техникалық мамандықтарға арналған оқу бағдарламасы бар, сондай-ақ ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларына қарсы тұруға және табиғи ресурстар қорының өсуіне, өнеркәсіп саласының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін арттыру, елімізді сумен тиімді түрде қамтамасыз ету және жабдықтауға қабілетті ғылыми әзірлемелері бар. Жаһандану және Қазақстанның әлемдік одақтарға кіруі жағдайында «Негізгі салалардағы бәсекеге қабілетті инженерлік білім мен ғылымды дамыту мәселесінде Біртұтас экономикалық одақ және әлемнің басқа да елдерінің тәжірибесі, әлеуеті және тұжырымдамалық тәсілдері қандай?» деген сұрағы да үлкен қызығушылық тудырады.

Осыған орай аталған бағыттың мақсаты Біртұтас экономикалық одақ (Ресей мен Беларусь) және әлемнің басқа да елдерден келген форум қатысушыларымен бәсекеге қабілетті инженер кадрларын дайындау бойынша пікір алмасу, әлеуетін анықтау және ұсыныстарын білу; Қазақстанның өнеркәсібінің геологиялық, мұнай-газ және секторлары тау-металлургиялық инновациялық кластерлерін дамыту; көмірсутегі және минералдық шикізаттарды геологиялық барлау; пайдалы қазбаларды алу, минералдық және техногендік шикізатты кешенді түрде өңдеу, Қазақстанның сирек кездесетін металдарды өндіру, суды сақтау және сумен қамтамасыз етудегі тиімді әрі ресурс үнемдеуші, экологиялық таза технологиясын дамыту; Қазақстанның негізі салаларындағы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру.

II. Ақпараттық, телекоммуникациялық, нано - және ғарыш технологиясы салаларына арналған инженер кадрлары мен инновациялар:

Осы бағыт бойынша алдағы уақыттағы салалар үшін инженерлік кадрларды (жылжымалы, мультимедиа, нано және ғарыш технологиялары, робот техникасы, гендік инженерия) дайындау және ХХІ ғасырдың жаһандық проблемасына қарсы тұру жағдайында инновацияларды жүзеге асыру мақсатымен «Үшінші индустриалды революция» мәселесін талқылайды.

Әлемдік тәжірибеде сандық технологиялар, робототехника, нанотехнология, регенерация медицинасы, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар

жоғары қарқында дамуда және олар өз кезегінде әлемдік нарықтардың құрылымы мен қажеттілігін түбегейлі өзгертуде. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев аталған жаһандық проблемаға қарсы тұру векторын «осы қарқынның шынайы болмысында өмір сүру ғана маңызды емес, сондай-ақ идеялардың белсенді генераторлары болып, масштабты халықаралық зерттеу жұмыстарына атсалыса білу маңызды» деп анықтап берді.

Еліміздің инженерлік білім беруі мен индустриалды-инновациялық даму деңгейін ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың ауқымдылығын, әлемдік мәні мен әсер етуін есепке ала отырып, ЭЕО мен басқа да әлемдік одақтарды құру аясындағы форумға қатысушылардың мына пікірлері қызығушылық тудырады: «Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесіне нені енгізу қажет? Бұл саланы дамытудың трендтері мен келешегі қандай?»

Бұл байланыстағы осы бағыттың мақсаттары отандық және тәжірибелермен алмасу, ақпараттық және телекоммуникациялық технология саласында заманауи инженерлерді дамыту инженерлерді дамыту мәселесі бойынша ЭЕО елдері мен әлем әлеуетін көрсету болып табылады (елдің тұрақты даму стратегиясы, көптілділікті дамыту, білім беру бағдарламасын аккредитациялау, ЖОО студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлығына үлес қосу); бұлтты есептеулердің жаңа технологиясы; мобильді және мультимедиалық технологиялар; тілді тану мен ақпараттық қауіпсіздік бойынша технология; нанотехнология; медицинада, электрондық және лазерлік техниканың келешектегі ғылыми салаларда қолданылатын, берілген қасиеттерімен жаңа материалдарды өндіру технологиясы.

III. Инфрақұрылымдық үштік – агломерация; көлік; дәстүрлі және альтернативті энергетикаға арналған инженер мамандар мен инновациялар:

Бұл бағыт бойынша инфрақұрылымдық үштік – агломерация; көлік; дәстүрлі және альтернативті энергетикаға арналған инженер мамандар дайындау мен инновацияны жүзеге асыру мәселелері талқыланады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050 Стратегиясында» экономиканың ғылыми іргетасын агломерация, көлік және энергетика құрайды. Агломерацияның урбанистикалық орталықтарын қалыптастырудың арқасында құрылыс саласы мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, білім беру, медицина, әлеуметтік мәдени және басқа қызметтер дамудың жаңа күші дамудың жаңа күшін алады. Агломерацияны, индустриалдық экономиканы, қоғамды дамыту үшін дамыған көліктік инфрақұрылым қажет. Бұл әсіресе Еуропа мен Азия, Солтүстік пен Оңтүстік арасында орналасқан Қазақстан үшін аса маңызды. Бұл бағытта «Кедендік одақ» аясында жүк тасымалдау үшін үлкен мүмкіндіктерге ие логистикалық қызмет саласына үлкен міндеттер жүктеледі». Сондай-ақ ол ХХІ ғасырдағы жаһандық мәселенің бірі «Жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке» қарсы тұра тұрып, дәстүрлік те, альтернативтік энергетика негізі – «жасыл» экономиканы дамыту міндетін қойды. Бұл Қазақстанның энергетикалық саладағы елдер қатарындағы стратегиялық серіктестігімен, 2050 жылға бағытталған альтернативті энергетиканың дамуы бойынша әлемдік трендтерді сақтауымен байланысты. Бұған дәлел Астанада

өтілетін Әлемдік көрме ЭКСПО-2017 көрмесінің мақұлданыуы. Бұл бағыт бойынша Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ кадрлық және инновациялық әлеует дайындауда және ғылыми гранттар қатары мен ғылыми-техникалық бағдарламалар атқаруда, нәтижесі ЭКСПО-2017 экспозициясына бағытталған. Нақты ұсыныстар мен тұжырымдамаларды қалыптастыру үшін форум қатысушыларының пікірлері маңызды: «Агломерация; көлік; дәстүрлі және альтернативті энергетика салаларында заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымды дамытудың дайындамасы, көрінуі және болашағы қандай?»

Бұл байланыста осы бағыттың мақсаттары агломерация, көлік және энергетика салалары үшін бәсекеге қабілетті инженер мамандар дайындау мәселесінде ЭЕО елдері мен әлем елдеріндегі тұжырымдамалық жақындауларды өңдеу мен тәжірибе алмасу болып табылады; құрылыс пен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында жаңа инжинирингті шешімдерді әзірлеу; машина жасау мен басқа салаларда өнім сапасының стандарттарын жетілдіру; ядролық энергетика, ТЭС қалдықтарын тазалау жөніндегі инновациялық технологиялар т.б.

Форум Бағдарламасындағы ең маңыздысы іскерлік бөлімді, пленарлық және секциялық отырыстарды толықтыратын көрме болып табылады:

Мақсаты инженерлік мамандарға деген қажеттілік пен еліміздің өнеркәсіптік корпорациялары мен кәсіпорындарының даму бағыттарының жетістіктерін таныстыру болып табылатын **өнеркәсіптік кәсіпорындар жетістіктерінің көрмесі.**

Мақсаты ақпараттық білім беру технологиясы саласында университет жетістіктерін таныстыру болып табылатын **Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың инновациялық білім беру технологиясының көрмесі.** Көрменің нәтижесі республика мен шетелдің жетекші университеттерімен еліміздің еншілес қорларымен осы технологияларды қолдану жөнінде келісімдер мен меморандумға қол қою болып табылады.

Мақсаты Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың инновациялық технологиясы мен заманауи материалдық-техникалық базасының ғылыми жетістіктерін таныстыру болып табылатын **Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың инновациялық әлеуетінің көрмесі.** Көрменің нәтижесі республика мен шетелдік ғылыми орталықтармен ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі еншілес қорлармен инновациялық жобалар мен патенттерді коммерцияландыру жөніндегі еліміздің өнеркәсіптік корпорацияларымен және кәсіпорындарымен келісімдер мен меморандумдарға қол қою болып табылады.

7.Форумның мақсатты аудиториясы:

7.1. Ұстаздар, ғалымдар мен зерттеушілер:

Білім мен ғылым саласында «Қазақстан - 2050» Стратегиясы мен Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруды атсалысуға уәждеме; Әлемнің еңбек нарығына жоғары білікті инженер мамандарды дайындау жөнінде әлемдік тәжірибені меңгеру; инновациялық технологияны жасаушылармен

пікір және тәжірибе алмасу, танысу; білім беру және ғылыми зерттеу қызметінде өзінің жеке жетістіктерін жүзеге асыру үшін әлеуетті серіктестер іздеу және таныстыру.

7.2. Жоғары технологиялық кәсіпкерлер:

Білім мен ғылым саласында «Қазақстан - 2050» Стратегиясы мен Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруды атсалысуға уәждеме; жаңа технологиялық шешімдердің әлеуеттік жеткізушілерімен (ғалымдар, зерттеушілер және құрастырушылар) танысу; ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдардың білім беру және ғылыми әлеуетін кәсіпорындардың технологиялық міндеттерін шешу үшін тарту; тапсырыстық инновацияларды қалыптастыру мен «білім – ғылым - өндіріс» үштігіндегі өзара әрекеттесуінің механизмдерін өңдеуге қатысу,

7.3. Инвесторлар:

Білім мен ғылым саласында «Қазақстан - 2050» Стратегиясы мен Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруды атсалысуға уәждеме; инвестиция үшін ғалымдардың келешегі бар жобаларымен танысу; ЖОО-мен, ғылыми ұйымдармен және жоғары технологиялық бизнес өкілдерімен серіктестік байланыстар орнату.

7.4. Мемлекеттік және аймақтық билік органдарының өкілдері:

Білім мен ғылым саласында «Қазақстан - 2050» Стратегиясы мен Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруды атсалысуға уәждеме; ЖОО, ғылыми ұйымдар және өндіріс өкілдерімен «тікелей сұхбат»; инженер мамандарын дайындау мәселесі бойынша, сондай-ақ қос техникалық және кәсіптік білім беру мен еліміздегі индустриалды-инновациялық дамыту мен «Қазақстан - 2050» Стратегиясы міндеттерін шешуге арналған инновациялық технологияны жүзеге асырудың тұжырымдамалық көруін қалыптастыру; білім, ғылым және өндіріс саласында интеграциялық аймақ аралық қатынастарды дамыту.

8. Форумның ұйымдастырушы серіктестері:

- 8.1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысының қоры
- 8.2. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі;
- 8.3. Қазақстан Республикасы инвестиция және даму жөніндегі министрлігі;
- 8.4. Қазақстан Республикасы энергетика министрлігі.

9. Форумның стратегиялық серіктестері:

- 9.1. «Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық Агенттік» АҚ.
- 9.2. «Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы» АҚ.
- 9.3. «Кен өндіру және тау-кен металлургиялық кәсіпорын қауымдастығы» ОЮЛ.
- 9.4. ҚРБҒМ «Болонск үдерісі мен академиялық ұтқырлық орталығы» АМК.
- 9.5. «ҚР БҒМ Ұлттық аккредитациялау орталығы» РГКП.
- 9.6. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, ЖОО-лар және республика мен шетелдік ғылыми ұйымдар.

- 9.7. «Темпус Қазақстанда» бағдарламасының Ұлттық кеңсесі.
- 9.8. «ННТХ Парасат» АҚ.
- 9.9. Шеврон МұнайГаз Инк.
- 9.10. «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ.
- 9.11. «ҚазТрансОйл» АҚ.
- 9.12. «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ.
- 9.13. «Эмбаммұнайгаз» АҚ.
- 9.14. «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ.
- 9.15. «Тенгизшевройл» ЖШС.
- 9.16. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.
- 9.18. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ.
- 9.19. «Торғай-Петролеум» АҚ.
- 9.20. «Қаражанбасмұнай» АҚ.
- 9.21. «Қаоақұдықмұнай» ЖШС.
- 9.22. «Теңіз мұнай компаниясы» АҚ.
- 9.23. «Қазақ мұнай газ институты» АҚ.
- 9.24. «Өзенмұнайгаз» АҚ.
- 9.25. «ҚазМұнгайГаз РД» АҚ.
- 9.26. «Тарбағатай Мұнай» ЖШС.
- 9.27. «Интергаз Орталық Азия» АҚ.
- 9.28. «Қазцинк» ЖШС.
- 9.29. «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ.
- 9.30. «Қазфосфат» ЖШС.
- 9.31. «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС.
- 9.32. «Қазақстан Алюминийі» АҚ.
- 9.33. «Қазхром ТНК» АҚ.
- 9.34. «Қазхатомпром» ҰК» АҚ.
- 9.35. «КАТКО»Қазақстан-француз бірлескен кәсіпорны» ЖШС.
- 9.36. «Соколов-Сарыбай кен-байыту бірлестігі» АҚ.
- 9.37. «Степногорск кен-химиялық комбинат» ЖШС.
- 9.38. «Қазақалтын ГМК» АҚ.
- 9.39. «Altyntau Kokshetau»АҚ.
- 9.40. «Ақбақай ГОК» АҚ.
- 9.41. «ҚазСтройСервис»НГСК» АҚ.
- 9.42. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ.
- 9.43. «Каспий жанындағы Машинажасау Кешені» ЖШС.
- 9.44. «KEGOC»АҚ.
- 9.45. «Қазақстан Инжинирнг» ҰК АҚ.
- 9.46. «Ремстройтехника» АҚ.
- 9.47. «ҚазНИИСА» АҚ.
- 9.48. «Астана Стройинвест» корпорациясы.
- 9.49. «ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ»АҚ.
- 9.50. «СТАЛЬЦИНК» ЖШС.

- 9.51. «Алматы вентилятор зауыты» АҚ.
- 9.52. «Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ.
- 9.53. «Белкамит» ЖШС.
- 9.54. «ҚазНИИСА» АҚ.
- 9.55. «Қазқұрылысәйнек» ЖШС.
- 9.56. Қазақстан республикасы сәулетшілер Одағы.
- 9.57. Қазақстан Республикасы дизайнерлер Одағы.
- 9.58. Қазақстан Қалақұрылысы Одағы.
- 9.59. «ҚАЗГОР» Жобалау Академиясы.
- 9.60. Қазақстан Республикасы суретшілер Одағы.
- 9.61. ASBISC Enterprise PLC.
- 9.62. «Шығыс Еуропа/Азия ИБМ» АБҚ.
- 9.63. «ХЬЮЛЕТТ-ПАККАРД Қазақстан» компаниясы.
- 9.64. «Yokogawa»компаниясы.
- 9.65. «HONEYWELL»компаниясы.

10. Форумнан күтілетін нәтижелер:

10.1. «XXI ғасырдағы Инженерлік білім беру мен ғылым: мәселелері және болашағы» Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың 80-жылдығына арналады және де растайды:

- геологиялық, көмірсутекті, тау-кен металлургиялық, энергетикалық, машинажасау секторлары, химиялық және атомдық өнеркәсіп, құрылыс индустриясы мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар секілді Қазақстан экономикасының басты секторларында техникалық білім мен ғылымды дамытуда Қ.И.Сәтбаев ҚазҰТУ-дың тарихи рөлі мен орнын;

- «Қазақстан - 2050» Стратегиясының бағыттарына және еліміздің индустриалды-инновациялық дамуы мен техникалық университеттің ұлттық зерттеушілік мәртебесіне ие Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың білім беру, ғылыми-зерттеушілік және инновациялық қызметінің бағыттарына сәйкестігін;

10.2. 2020 жылға дейін заманауи инженерлік білім мен техникалық ғылымды дамытудың Тұжырымжамасы қабылданады, бағыттары мынадай:

- қос техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қалыптастыру;
- кәсіптік және білікті стандарттары әзірлеу мен олардың білім беру стандарттарымен ары қарай синхрондауы;
- МСКО-2013 білімінің халықаралық стандартты жіктелуіне сәйкес мамандықты Жіктеушіге әкелу;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың мақсатты тапсырыстары есебінен техникалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту;
- ұлттық жоо-ларға оқуға түсудің өту балын 60-қа дейін төмендету;
- инженер мамандықтар бойынша студенттер, магистранттар мен PhD докторанттар дайындауды қаржыландыру нормативтерін арттыру;

– өндіріске жаңа технологияларды қосуда үздіксіз тізбекті қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік кәсіпорындармен бірге конструкторлық-техникалық, тәжірибе-технологиялық, консалтинг және ақпараттық-маркетинг орталықтарын қалыптастыру.

10.3. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанынан өнеркәсіптік кәсіпорындармен және БЭО және әлемдегі елдер қауымдастықтарымен бірлесе отырып «БЭО елдерінің инженерлер қоғамы» техникалық мамандар мен инженерлердің біліктілігін растайтын халықаралық орталық құрылады.

10.4. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ мен отандық және шетелдік жетекші ғылыми орталықтар арасында (оның ішінде БЭО елдері) ғылыми-техникалық ынтымақтастық және халықаралық білім беру бағдарламасы аясында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау бойынша келісімдер мен меморандумдарға қол қойылады.

10.5. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ мен әлеуетті инвесторлар (оның ішінде БЭО елдері) – венчурлік қорлар, өнеркәсіп корпорациялары мен кәсіпорындары арасында инновациялық жобалар мен патенттерді коммерцияландыру бойынша келісімдер мен меморандумдарға қол қойылады.

10.6. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ мен отандық және шетелдік жетекші университеттері арасында білім беру технологияларын қолдану бойынша келісімдер мен меморандумдарға қол қойылады.